

Бөлек селолық округінің Бөлек ауылындағы көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Бөлек селолық округі әкімінің 2010 жылғы 03 желтоқсандағы N 15 шешімі. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 09 желтоқсанда N 2-8-166 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес және Еңбекшіқазақ аудандық ономастика кеңесінің 2010 жылғы 17 қарашадағы N 3 келісімі мен аумақ халқының пікірін ескере отырып Бөлек селолық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Бөлек селолық округіндегі Бөлек ауылындағы көшелердің атаулары төмендегідей өзгертілсін:

- 1) "Молодежная" көшесінің атауы "Жастар" деп өзгертілсін;
- 2) "Садовая" көшесінің атауы "Абай" деп өзгертілсін;
- 3) "Мира" көшесінің атауы "Бейбітшілік" деп өзгертілсін;
- 4) "Ленин" көшесінің атауы "Д.А. Қонаев" деп өзгертілсін;
- 5) "Коммунистическая" көшесінің атауы "Астана" деп өзгертілсін;
- 6) "Юбилейная" көшесінің атауы "Достық" деп өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Б ө л е к с е л о л ы қ

округ әкімі:

Б. Бименов